

## Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Заңы 1993 жылғы 27 қазан N 2900. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 1998.12.30. N 340 Заңымен. ~Z980340

Осы Заң Қазақстан Республикасы аумағында жекелеген қару түрлерін өндіру, сатып алу, пайдалану тәртібі мен оларға бақылау жасаудың жалпы негіздерін белгілейді.

1-бап. Осы Заңда қолданылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда қару деп тірі немесе өзге де нысананы атуға құрылысы жағынан арналған құрылғылар мен заттар, сондай-ақ қарудың қолданылу мақсатын белгілейтін негізгі бөліктері түсініледі.

Оқ ататын қару дегеніміз жарылғыш заттардың энергиясы есебінен бағытты қозғалыс алатын снарядпен қашықтықтағы нысананы механикалық түрде атуға арналған қару.

Атылмайтын қару дегеніміз жаралау объектісімен тікелей жанасу жағдайында адамның бұлшық еті күшінің көмегімен нысананы зақымдандыруға арналған қару.

Атылмайтын лақтыратын қару дегеніміз адамның бұлшық еті күшінің не механикалық құрылғының көмегімен бағытты қозғала алатын снарядпен қашықтықтан нысананы зақымдауға арналған қару.

Газды қару дегеніміз көзден жас ағызатын және тітіркендіретін заттарды қолдану арқылы тірі нысанаға уақытша зақым келтіруге арналған қару.

Электрлі (электрмен естен тандыратын) қару дегеніміз электр разрядын қолдану арқылы тірі күшке зақым келтіруге арналған арнаулы құрылғы.

Пневматикалық қару дегеніміз сығылған газ тектес заттардың энергиясы есебінен бағытты қозғалыс алатын снарядпен нысананы атуға арналған қару.

Оқ-дәрі дегеніміз тиісті қару түрінен атуға құрылысы жағынан арналған құрылғылар немесе заттар.

Қару өндірісі дегеніміз қаруды жасау мен жөндеу, сондай-ақ оқ-дәрі жасау.

Қару жасаушы дегеніміз қаруды өндіруге лицензиясы бар кәсіпорын.

Қару айналысы дегеніміз қаруды өндіру, өткізу, сатып алу, есепке алу, сақтау, алып жүру, тасымалдау, пайдалану, қайтарып алу, жою, импорттау мен

экспорттау, сондай-ақ қарудың бірлі-жарым данасын Қазақстан Республикасының аумағына

әкелу және оларды республикадан әкету.

Қару иесі дегеніміз қаруды сатып алу мен сақтауға лицензиясы (рұқсаты) бар заңды ұйым.

Қаруды пайдаланушы - қаруды уақытша пайдалануға алған адам.

## 2-бап. Қару түрлері

Қару өзінің мақсаты бойынша тиісті субъектілердің пайдалануы үшін:

- 1) әскери;
- 2) қызметтік-штаттық;
- 3) азаматтық қару болып бөлінеді.

Қарудың осы Заңда көзделген өзге түрлері Қазақстан Республикасы аумағында тек қана жүйелі жинақтау немесе Қазақстан Республикасы заңдарында көзделген реттерде оны қолдану ишарасын жасау мақсатымен п а й д а л а н ы л у ы м ү м к і н .

## 3 - б а п . Ә с к е р и қ а р у

Әскери қаруға Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Республика ұланының, Президенттің Күзет қызметінің ішкі істер министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Прокуратураның, Қаржы министрлігі Бас кеден басқармасының әскери бөлімдері, органдары мен бөлімшелері өздеріне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін пайдаланатын қару жатады.

## 4-бап. Қызметтік-штаттық қару

Қызметтік-штаттық қаруға меншікті күзету, адамдардың өмірі мен денсаулығын, табиғатты, табиғат ресурстарын (ерекше жарғылық міндетті бар кәсіпорынды, ұйым мен мекемені) қорғау жөнінде өздеріне заңдарда жүктелген міндеттерді жүзеге асыру кезінде кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі депутаттарының, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті белгілейтін тізбе бойынша лауазымды

адамдардың пайдаланатын қаруы жатады.

## 5 - б а п . А з а м а т т ы қ қ а р у

Азаматтық қаруға өзін-өзі қорғау, аң аулау және спортпен шұғылдану мақсатында азаматтардың пайдалануына арналған қару жатады.

Азаматтық қару мыналарға бөлінеді:

а) өзін-өзі қорғауға арналған газ қаруы - пистолеттер, револьверлер, көзден жас ағызатын және тітіркендіргіш заттармен жарақталған механикалық бүріккіштер мен аэрозольды құрылғылар;

б) спорттық (иір ойықты және тегіс ұңғылы оқ ататын, атылмайтын, соның ішінде лақтыратын, пневматикалық) қару- халықаралық немесе ұлттық спорт федерацияларының стандарттарына сай келетін, спортшылар даярлауға, олардың біліктілік қалыпты мөлшерді орындауына және жарыстарға қатысуға арналған қ а р у ;

в) аңшылық (иір ойықты және тегіс ұңғылы оқ ататын, атылмайтын, соның ішінде лақтыратын, пневматикалық) қару - кәсіпшілік, спорттық-әуесқойлық немесе ғылыми аңшылық үшін азаматтар, меншіктің барлық түріндегі кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар сатып алатын қару.

## 6-бап. Қызметтік-штаттық және азаматтық қарулар айналымына қойылатын шектеулер

Қазақстан Республикасының аумағында:

1) қызметтік-штаттық және азаматтық қару ретінде:

а) жалпы ұзындығы кем дегенде 800 миллиметр, сондай-ақ өзін қаттап салуға, қозғалтуға, жинап қоюға немесе бөлшектеуге мүмкіндік беретін және бұл орайда ату мүмкіндігі жоғалмайтын құрылымнан тұратын аңшылық оқ ататын қарудың;

б) басқа заттардың ишарасын жасайтын нысаны бар оқ ататын қарудың;

в) қол шокпарлардың, кастеттердің және соққылық-уатқыштық әсері бар б а с қ а д а з а т т а р д ы ң ;

г) сауыт бұзғыш, тұтандырғыш немесе жарғыш әсер ететін оқтары бар оқ-дәрінің, сондай-ақ пистолеттер мен револьверлерге арналған бытыралы с н а р я д т а р ы б а р о қ - д ә р і н і ң ;

д) зақымдау әрекеті электр қуатын, радиоактивті сәулелер мен биологиялық факторларды пайдалануға негізделген қарулар мен өзге заттардың;

е) жүйкелік-семдіруші, уландырғыш және басқа күшті әсер ететін заттармен жарақталған газ қаруының айналымына;

2) калибрі 4,5 миллиметрден асатын пневматикалық қаруды, сондай-ақ оқ

ататын және атылмайтын спорт қаруын спорт объектілерінен тыс сақтауға немесе пайдалануға және сатып алуға;

3) дыбыссыз ату мен түнгі нысаналарға арналған құралды қызметтік-штаттық және азаматтық қаруға орнатуға;

4) қаруды бір жерден екінші жерге салып жіберуге;

5) митингілерге, көше шерулеріне, демонстрацияларға, пикеттерге, ереуілдерге қатысушы азаматтардың қару алып жүруіне;

б) қоғамдық орындарда қаруды ашық (қынабына салынбаған) күйінде алып жүруге;

7) ұлттық киімнің бөлігі ретінде қаруды рұқсатсыз (лицензиясыз) алып жүруге тыйым салынады.

#### 7-бап. Мемлекеттік қару-жарақ кадастры

##### ұғымы және оның мақсаты

Мемлекеттік қару-жарақ кадастры дегеніміз Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін және оның аумағына әкелінетін қару үлгілерінің жүйеленген тізбесі (құрылыстық түрі, жүйесі, үлгісі, Мемлекеттік стандарты (ГОСТ) және т.б.), онда олардың негізгі тактикалық-техникалық деректері көрсетіледі.

Мемлекеттік қару-жарақ кадастры қаруды жасау, сату, сатып алу, иелену және пайдалану ережелеріне бақылау жасауды ұйымдастыру мақсатында осы заңның 2-бабында көрсетілген қарудың нақты үлгілеріне жататындығы туралы мәліметтермен мүдделі кәсіпорындарды, мекемелерді, ұйымдарды және азаматтарды қамтамасыз етуге арналған.

#### 8-бап. Қаруды сертификаттау

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін және республика аумағына басқа мемлекеттерден әкелінетін қарудың барлық үлгілері Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тәртіппен міндетті түрде сертификаттауға жатады.

#### 9-бап. Қаруды өндіру

Қаруды, негізгі бөлшектерін өндіру, оларды құрастыру, оған жоғалтып алған зақымдау қасиеттерін қайтару мақсатымен қаруды қайта жасау немесе жөндеу,

сондай-ақ оқ-дәрі мен патрондар өндіру Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті беретін рұқсат (лицензия) негізінде жүзеге асырылады. Қару жасайтын кәсіпорындардың тізбесін республиканың Министрлер Кабинеті белгілейді.

Қаруды, өзін-өзі қорғау құралдарын және ұрыс оқ-дәрісін рұқсатсыз өндіру заңдарда белгіленген жауаптылыққа әкеп соқтырады.

#### 10 - бап. Қаруды сату

Қаруды және оқ-дәріні сатуды оларды өндіруге немесе сатуға лицензиясы (рұқсаты) бар кәсіпорындар жүзеге асырады. Сатуға лицензия (рұқсат) тек осы мақсаттар үшін арнайы құрылған кәсіпорындарға ғана берілуі мүмкін.

Қару сатуды жүзеге асырушы кәсіпорындар:

- 1) сатылатын қаруға сертификаты болуға;
- 2) сатып алынатын және сатылатын қарудың есепке алынуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ есеп құжаттамаларын 10 жыл бойы сақтауға;
- 3) ішкі істер органдарына Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі белгілеген тәртіппен сатылған қызметтік-штаттық және азаматтық қару мен оны сатып алушылар туралы деректер беруге;
- 4) қарудың сақталуын және оны сақтау қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;
- 5) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқ-гильзотекасына Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі белгілеген тәртіппен сатылатын қызметтік-штаттық және азаматтық қарудан атылған снарядтар мен гильзаларды тапсыруға міндетті.

Қарудың аталған түрін сатып алуға лицензиясын (рұқсатын) көрсетпеген заңды ұйымдар мен нақты адамдарға қаруды, сондай-ақ нөмірі мен таңбасы жоқ қаруды не стандартқа сәйкес белгісі жоқ оқ-дәріні сатуға тыйым салынады.

#### 11-бап. Қаруды сатып алу және тіркеу

Қаруды сатып алу құқығы он сегіз жасқа толған, ішкі істер органдарының осы заңның 6 және 17-баптарында көрсетілген шектеулер ескеріле отырып дербес тәртіппен берілетін ішкі істер органдарының тиісті рұқсаты бар Қазақстан Республикасының азаматтарына беріледі.

Газды аэрозоль құрылғылары мен пневматикалық қаруды Қазақстан Республикасының азаматтары рұқсат (лицензия) алмай-ақ сатып алуға қақылы.

Иір ойық ұңғылы аңшылық оқ ататын қаруды аңшылыққа байланысты кәсіби қызметпен айналысатын Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілейтін тәртіппен

әуесқой аңшылар сатып алуға құқылы.

Атылмайтын аңшылық қаруды оқ ататын қаруды сатып алуға, сақтауға және алып жүруге құқығы бар азаматтардың сатып алуына болады.

Сатып алынған азаматтық қару (атылмайтын аңшылық, пневматикалық және газды аэрозоль құрылғылардан басқасы) сатып алынған күнінен бастап екі апта мерзімде ішкі істер органдарында тіркелуге тиіс.

Ішкі істер органдары беретін рұқсаттар негізінде қызметтік-штаттық қаруды ж ә н е о ғ а н о қ - д ә р і н і ;

1) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің іс басқармасы, халық депутаттарының облыстық, Алматы және Ленинск қалалық Кеңестері - өкілді органдардың депутаттары мен лауазымды адамдары үшін;

2) Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының іс басқармасы, облыстық, Алматы және Ленинск қалалық әкімшіліктер - Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілейтін тізбе бойынша атқарушы органдардың лауазымды адамдары мен кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың басшылары үшін;

3) ерекше жарғылық міндеттері бар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілейтін тізбе бойынша кәсіпорындар, ұйымдар мен м е к е м е л е р ;

4) қаруды дайындаумен, сынаумен, өндірумен немесе оны сатумен а й н а л ы с а т ы н к ә с і п о р ы н д а р ;

5) спорттық, аңшылық кәсіпорындар мен ұйымдар;

6) оқу орындары сатып алады.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Республикалық ұланның, Президенттің Күзет қызметінің, Ішкі істер министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Прокуратураның, Қаржы Министрлігі Бас кеден басқармасының әскери бөлімдері, органдары мен бөлімшелері қаруды және оқ-дәріні Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті мен осы ведомстволардың қалыпты құжаттары белгілейтін тәртіппен сатып алады.

Қаруды және оның оқ-дәрісін сатып алу, тіркеу тәртібін бұзушылық заңдарда белгіленген жауаптылыққа әкеп соқтырады.

12-бап. Шетел азаматтарының азаматтық қаруды сатып алуы, әкелуі және әкетуі

Өздері азаматтары болып табылатын мемлекеттер өкілдіктерінің өтініші негізінде қаруды сатып алған күннен бастап бес күннен кешіктірмей оны Қазақстан Республикасынан алып кететін жағдайда шетел азаматтарының аңшылық қаруды ішкі істер органдары беретін лицензиялар бойынша сатып

алуына болады, бұған осы баптың үшінші бөлігінде көзделген реттер жатпайды.

Өзін-өзі қорғауға арналған газ қаруын шетел азаматтарының өздері азаматтары болып табылатын мемлекеттер өкілдіктерінің өтініші бойынша жалпы негіздерде сатып алуына болады.

Аң аулауға келісім-шарты немесе спорттық шараларға қатысу үшін шақыруы және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің тиісті рұқсаты болған жағдайда шетел азаматтары Қазақстан Республикасы аумағына аңшылық және спорттық қаруларды әкеле алады. Әкелінген қару Қазақстан Республикасынан келісім-шартта немесе шақыруда көрсетілген мерзімде әкетілуге тиіс.

Шетел азаматтарының қаруды Қазақстан Республикасынан әкету мерзімін бұзуы заңмен белгіленген тәртіппен мәселені шешкенше дейін оны алып қоюға ә к е п с о қ т ы р а д ы .

### 13-бап. Қару өндіруге, сатуға және сатып алуға лицензия беру

Қазақстан Республикасының аумағында қаруды өндіруге, сатуға және сатып алуға лицензия берілуге тиіс.

Қаруды сатуға немесе сатып алуға лицензияны ішкі істер органдары, ал қаруды өндіруге - Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті уәкілдік берген органдар береді.

Лицензия үшін төлем мөлшері мен оны өндіріп алу тәртібін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілейді.

### 14-бап. Қаруды экспорттау мен импорттау, Қарудың бірлі-жарым данасын әкелу және әкету

Әскери қаруды экспорттау мен импорттауды Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті өзі жасасқан мемлекетаралық келісімдерге сәйкес жүзеге а с ы р а д ы .

Азаматтық қарудың импортталуын қаруды сертификаттау, ол туралы мәліметтерді кейіннен Кадастрға енгізу негізінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті беретін лицензия бойынша кәсіпорындар жүзеге асырады.

Азаматтық қаруды экспорттауды Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті немесе тиісті лицензиясы бар кәсіпорындар жүзеге асырады.

Спорттық, аңшылық, газды және пневматикалық қарудың бірлі-жарым данасын Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және одан әкету ішкі істер органдарының рұқсатымен жүргізіледі.

## 15-бап. Қаруды сақтау, алып жүру және тасымалдау

Қаруды өндіруге және сатуға лицензия не оны сақтауға және алып жүруге рұқсат алған нақты адамдар мен заңды ұйымдарға қаруды сақтауға рұқсат етіледі .

Сатып алынған қару, ұрыс оқ-дәрісі Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілейтін ережелерге сәйкес сақталады және тасымалданады.

Әскери қызметшілердің және Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Республикалық ұлан, Президенттің Күзет қызметі, ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Прокуратура, Қаржы министрлігінің Бас кеден басқармасы қызметкерлерінің қаруды сақтау, алып жүру, тасымалдау ережелері ведомстволық қалыпты құжаттармен белгіленеді.

Қаруды сақтау, алып жүру және тасымалдау тәртібін бұзушылық заңдарда белгіленген жауаптылыққа әкеп соқтырады.

## 16 - б а п . Қ а р у д ы қ о л д а н у

Қаруды сақтауға және алып жүруге рұқсаты бар адамдар қарудың нақты түрін пайдалану құқығына ие болады.

Азаматтар қаруды өмірін, денсаулығы мен меншігін қорғау мақсатында қажетті қорғану шегінде пайдалана алады.

Әскери қызметшілердің және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі, Республикалық ұлан, Президенттің Күзет қызметі, ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Прокуратура, Қаржы министрлігінің Бас кеден басқармасы қызметкерлерінің қаруды қолдану тәртібі заңдармен белгіленеді.

Ерекше жарғылық міндеттері бар кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қызметкерлері табиғатты, табиғи ресурстарды, меншікті қорғау, адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау жөніндегі заңдарда өздеріне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру кезінде қаруды қолдана алады.

Қаруды қолдану алдында бұл жөнінде ол қолданылатын адамға ескертілуге т и і с .

Әйелдерге, мүгедектегінің анық белгілері бар адамдарға, кәмелетке толмағандарға қатысты қаруды қолдануға тыйым салынады, бұған олардың қару қолданып не топ болып шабуыл жасаған реттері жатпайды.

Қару қолданылған жағдайлардың бәрінде айналадағы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, зардап шеккендерге дереу медициналық жәрдем көрсету үшін шаралар қолданып, ішкі істер және прокуратура органдарына х а б а р л а у қ а ж е т .

Оқ ататын қаруды пайдалана отырып аң аулау ережесін, сондай-ақ спортпен



айналысу кезінде және жаттығу мақсатында қаруды қолдану ережесін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілейді.

#### 17-бап. Лицензиялар мен рұқсат қағаздарын жою

Қаруды өндіруге, сатуға немесе сатып алуға лицензияны,

сондай-ақ қаруды сақтауға және алып жүруге рұқсатты лицензия немесе рұқсат берген органдар мына реттерде:

- лицензияда немесе рұқсатта белгіленген мерзім біткенде;
- лицензиядан немесе рұқсаттан өз еркінен бас тартқанда не кәсіпорын, ұйым немесе мекеме таратылғанда;
- заңды ұйымдар немесе нақты адамдар осы Заңда және қару айналысын реттейтін өзге де құқылық құжаттарда көзделген талаптарды бұзса не орындамаса;
- халықаралық шарттар мен үкіметаралық келісімдерден туындайтын реттерде;
- одан әрі пайдалануға жарамсыз қаруды ішкі істер органдарына тапсырғанда;
- қару нысаналы мақсат бойынша пайдаланылмағанда;
- қаруды өндіру, сатып алу, сақтау, есепке алу, алып жүру, тасымалдау мен пайдалану ережелерін бұзғанда жойылады.

Егер адам:

- психикалық аурумен ауырса;
- қоғамдық тәртіпті өрескел бұзса;
- тиісті есепте тұратын маскүнем немесе нашақор болса;
- қасақана қылмыс жасағаны үшін заңмен белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алып тасталмаған соттығы болса;
- қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауапқа тартылған болса;
- тұрақты тұрғылықты жері болмаса, қаруды сатып алуға және сақтауға рұқсат берілмейді, ал берілген рұқсаттың күші жойылады.

#### 18-бап. Қаруды қайтарып алу

Қару мынадай реттерде:

- 1) қаруды өндіруге, сатуға немесе сатып алуға лицензия, сондай-ақ оны сақтау мен алып жүруге рұқсат болмаса;

2) қаруды өндіруге, сатуға немесе сатып алуға лицензияның не оны сақтау мен алып жүруге рұқсаттың белгіленген тәртіппен күші жойылса;

3) заңды ұйымдар мен нақты адамдар түпкілікті іс жүргізу шешімі қабылданғанға дейін қаруды сатып алудың, тіркеудің, сақтаудың, алып жүрудің және қолданудың белгіленген ережелерін бұзса;

4) мүлікті мұраға қалдыру туралы мәселе шешілгенге дейін

азаматтық қарудың иесі қайтыс болса қайтарып алынады.

Қаруды қайтарып алу тәртібін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілейді.

19-бап. Қаруға бақылау жасауды жүзеге асыратын органдар

Қару жасауға мемлекеттік бақылауды Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жүзеге асырады.

Қаруды (әскери қарудан басқасын) сатып алуға, сақтауға, тасымалдауға, алып жүруге және пайдалануға мемлекеттік бақылауды Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігі жүзеге асырады.

Әскери қаруды сатып алуға, сақтауға, тасымалдауға, алып жүруге және пайдалануға мемлекеттік бақылауды Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті мен ол уәкілдік берген органдар жүзеге асырады.

20-бап. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қару айналымы саласындағы өкілеттігі

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті қарауына:

1) қаруға бақылау жасаудың Қазақстан Республикасы үшін бірыңғай қағидаттарын белгілеу, Қазақстан Республикасының қару туралы қалыпты құжаттарын әзірлеу мен жетілдіру;

2) Мемлекеттік қару-жарақ кадастрын жүргізу тәртібін белгілеу;

3) қаруды өндіруге лицензия беру;

4) қаруды өндіру тәртібін белгілеу;

5) қаруды өндіруге бақылау жасауды ұйымдастыру;

6) әскери қаруы мен оның оқ-дәрісін экспорттау мен импорттау ісін мөлшерлеу және оған лицензия беру;

7) қаруды сатып алу, сақтау, сақтау және есепке алу тәртібін белгілеу жатады.

21-бап. Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінің

## қару айналымы саласындағы өкілеттігі

Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінің қарауына:

- 1) қаруды сатып алуға, сақтауға, тасымалдауға, есепке алуға және пайдалануға бақылау жасауды ұйымдастыру;
- 2) республика аумағына қару әкелуге және оны шетелге әкетуге рұқсаттар беру;

3) Қазақстан Республикасы халық депутаттарының және Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілейтін тізбе бойынша лауазымды адамдардың қызметтік-штаттық қаруды алып жүруі мен сақтауына рұқсат беру  
ж а т а д ы .

## 22-бап. Ішкі істер органдарының қаруға бақылау жасау с а л а с ы н д а ғы к ұ з ы р е т і

Қаруға бақылау жасау саласында облыстық, қалалық және аудандық ішкі істер органдарының қарауына:

- 1) қаруды (әскери қарудан басқасын) сатып алуға, сақтауға, алып жүруге, тасымалдауға және пайдалануға рұқсат беру;
- 2) азаматтардың, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың иелігіндегі қ а р у д ы т і р к е у ;
- 3) атыс тирлерін, атыс алаңдарын, атыс-аң аулау стенділерін,

қару-жарақ жөндеу шеберханаларын және қару мен оқ-дәрі сататын дүкендер ашуға рұқсат беру;

- 4) қаруды есепке алуды қамтамасыз ету;
- 5) қаруды сатып алу, сақтау мен иеленудің белгіленген ережелерінің сақталуына бақылау жасау;
- 6) спорт ұйымдарының жарыстарға қатысу үшін қаруды, ұрыс оқ-дәрісін шетелге әкетуге және Қазақстан Республикасына әкелуіне рұқсат беру;
- 7) осы заңда көзделген реттерде қаруды қайтарып алу жатады.

## 23-бап. Қару жасаушылардың құқықтары мен міндеттері

Қару жасаушылар:

- 1) жасалған қаруды сатудан заңда белгіленген тәртіппен кіріс

алуға;

2) берілген лицензияға сәйкес қару жасауға;

3) жасалған қаруды тиісті рұқсат (лицензия) бойынша сатуға;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен конструкторлық талдамалар мен жасалған қаруды сынақтан өткізуге құқылы.

Қару жасаушылар:

1) жасалған қаруды сынақтан өткізуге және оның мемлекеттік стандартқа сәйкес келуін тексеруге;

2) жасалған қаруды таңба белгілерімен және есеп нөмірлерімен куәландыруға;

3) жасалған қару мен оқ-дәрі есебін жүзеге асыруға;

4) жасалған қарудың, оның қосалқы бөлшектері мен ұрыс оқ-дәрісінің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

24-бап. Қару иелерінің құқықтары мен міндеттері

Қару иелері:

1) белгіленген тәртіппен сатып алынған қару мен ұрыс оқ-дәрісін меншіктенуге;

2) қаруды қайтарып алған немесе оны өз еркімен тапсырған ретте қару құнының өтемін алуға;

3) Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінің қалыпты құжаттарында белгіленген реттер мен тәртіп бойынша қаруды сатуға не уақытша пайдалануға беруге құқылы.

Қ а р у и е л е р і :

1) меншігіндегі қаруды ішкі істер органдарында тіркетуге және қайта тіркетуге ;

2) қару мен оқ-дәріні тасымалдаудың белгіленген тәртібін сақтауға;

3) қару мен оқ-дәрінің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

Қару иеленуші заңды ұйымдар бақылауындағы объектілердің

аумағына және қаруды сақтау органдарында ішкі істер органдары қызметкерлерінің бөгетсіз кіруін қамтамасыз етуге, оларға танысу үшін қажетті құжаттаманы беруге міндетті.

Қару иеленуші нақты адамдар ішкі істер органдары қызметкерлерінің талап етуі бойынша қаруды ұстап білу ережелерін

сақтауға бақылау жасау мақсатымен өзіндегі қару мен оқ-дәріні тексеру үшін көрсетуге міндетті.

25-бап. Қаруды пайдаланушылардың құқықтары  
мен міндеттері

Қаруды пайдаланушылар:

1) өздеріне берілген құқыққа сәйкес қаруды алып жүруге және сақтауға;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген реттермен тәртіп бойынша қаруды пайдалануға құқылы.

Қаруды пайдаланушылар:

1) қаруды нысаналы мақсатына сәйкес пайдалануға;

2) қару мен оқ-дәріні тасымалдаудың белгіленген тәртібін сақтауға;

3) пайдалануындағы қару мен оқ-дәрінің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

Қаруды пайдаланушы заңды ұйымдар бақылауындағы объектілердің аумағына және қаруды сақтау орындарына ішкі істер органдары қызметкерлерінің бөгетсіз кіруін қамтамасыз етуге, оларға қатысу үшін қажетті құжаттаманы беруге міндетті.

Қаруды пайдаланушы нақты адамдар ішкі істер органдары қызметкерлерінің талап етуі бойынша қаруды ұстай білу ережелерін сақтауға бақылау жасау мақсатымен өзіндегі қару мен оқ-дәріні тексеру үшін көрсетуге міндетті.

26-бап. Қару жасаушылардың, қаруды иеленушілер  
мен пайдаланушылардың құқықтарын қорғау

Қару жасаушылар, қаруды иеленушілер мен пайдаланушылар құқықтарының бұзылғандығы туралы дауларды сот шешеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК